



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ДОСТЫҚ – МОЙЫНТЫ» ТЕМІРЖОЛЫНЫҢ ЕКІНШІ ЖЕЛІСІН ІСКЕ ҚОСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев New Silk Way VII Халықаралық көлік-логистика бизнес-форумының ашылуымен құттықтап, бүгінгі іс-шараның мән-маңызы ерекше екеніне тоқталды.

— Бәріміз «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісінің ресми ашылуына куә болып отырмыз. «Достық – Мойынты» жолы – шын мәнінде аса маңызды инфрақұрылым жобасы. Бұл жоба Қазақстанның көлік-логистика жүйесінің дамуына, оның тиімділігін нығайтуға айрықша серпін беретіні сөзсіз. Ал тарихымызға үңілсек, осыдан отыз бес жыл бұрын «Достық – Алашаңқай» жобасы іске қосылды. Қазақстан мен Қытайдың теміржолы тоғысты. Бұл еліміз үшін тарихи оқиға болды. Сол жолды салған ардагерлеріміз қазір осы жиынға қатысып отыр. Баршаңызға зор алғысымды айтамын. Мен халыққа Жолдауымда, көлік-логистика саласы – экономиканың қозғаушы күші, халықаралық байланысты нығайтатын негізгі фактордың бірі деп атап өттім. Қазақстанның бұл саладағы әлеуеті зор. Ұлы Жібек жолы Қазақстан мен Орталық Азия арқылы өткен. Қазақ жері ежелден Қытай мен Еу-



ропа арасындағы алтын көпір саналады. Қытай – біздің мәңгі, тату көршіміз әрі сенімді одақтасымыз. Біз бір-бірімізге әрдайым қолдау көрсетеміз. Қос халықтың қарым-қатынасы мызғымас достыққа, өзара сенімге негізделген. Елдеріміздің болашаққа деген көзқарасы – ортақ. Көп саладағы ынтымақтастығымыз нығаюда.

Әсіресе, «Бір белдеу, бір жол» жаһандық жобасының мән-мағынасы айрықша. Баршаңызға мәлім, 2013 жылы Төраға Си Цзиньпин бұл бастаманы Қазақстанда жариялады. Біз осы жобаны барынша қолдаймыз, оны жүзеге асыруға белсене атсалысып жатырмыз. Себебі бұл бастама еліміздің мүддесіне толық

сай келеді. «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісі – соның айқын дәлелі, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, бұл – Тәуелсіздік кезеңіндегі ең ірі теміржол құрылысы, еліміз үшін айрықша стратегиялық маңызы бар жоба.

Президент еліміздің бүгінде Еуразиядағы басты транзит хабының біріне айналғанын атап өтті.

— Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты жалғап тұр. Жеріміз арқылы 5 теміржол дәлізі өтеді. Оның бәрі әлемнің ең ірі сауда нарықтарына жол ашады. Біз көлік-логистика инфрақұрылымын дамытуға баса мән береміз. Соңғы он жылда осы салаға шамамен 35 миллиард доллар инвестиция салынды. Мен халыққа Жолдауымда бірқатар жобаны уақтылы жүзеге асыру туралы нақты тапсырма бердім. Алдағы уақытта 5 мың шақырым теміржол салу жоспарланып отыр. Сондай-ақ 11 мың шақырым теміржол жөнделеді. Қазір «Мойынты – Қызылжар» теміржолы салынып жатыр. Қызылжар станциясынан Ақтау портына дейінгі учаскелер жаңғыртылады. Бұл

бағдар – Транскаспий халықаралық көлік бағдарының басты бөлігі. Мұның бәрі Еуропа пен Азияның арасын жалғап, Транс-Қазақстан теміржол бағытының, яғни Орта дәліздің қарқынды дамуына ықпал етеді. Жалпы, бәсекеге қабілетті ел болу үшін экономикамыздың мейлінше қуатты болуына баса назар аударуымыз керек. Бұл ретте, көлік-логистика саласының орны бөлек. Сондықтан Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру негізгі басымдықтың бірі болып қала бермек. Теміржол саласының алдында тұрған міндеттер – айқын, – деді Президент. Мемлекет басшысы алдағы уақытта бұл салаға цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын енгізе отырып, оны ел экономикасының озық бағыты ретінде дамыту көзделгеніне, алда әлі де ауқымды жұмыс тұрғанына, сол себепті барлық жоспарды уақтылы, дер кезінде орындау өте маңызды екеніне назар аударды.

Сондай-ақ телекөпірде Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов, «Қазақстанның Еңбек Ері», темір жол саласының ардагері Қалтай Сәмбетов сөз сөйледі.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУЫ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысын ашып, бұл жиынның мән-маңызы ерекше екенін атап өтті. Президент жасанды интеллектті дамытпай, жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін еместігін еске салды. Цифрлық жүйелер мен жасанды интеллект егемен ел болудың кепіліне, экономикалық дамудың қозғаушы күшіне айналды.

— Сондықтан біз де осы ахуалға сай алдымызға биік мақсат қойдық. Қазақстан үш жыл ішінде толыққанды цифрлық ел болуы керек. Мен бұл туралы халыққа Жолдауымда жан-жақты тарқатып айттым. Жалпы, елімізде осы бағытта біраз жұмыс істелді. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтің 92 пайыздан астамы онлайн форматта ұсынылады. Былтыр еліміздегі қолма-қол ақшасыз төлемнің үлесі 85 пайыздан асты. Сондай-ақ биыл алғашқы жарты жыл ішінде Қазақстан азаматтарына 26 миллион цифрлық қызмет көрсетілді. Соның жартысына жуығы смартфон арқылы жасалған. Мұның бәрі де, әрине, жақсы. Дейтұрғанмен жасанды интеллекттің даму жылдамдығы өте тез, қарқыны жоғары. Сондықтан бір орында тоқтап қалмай, бұл іске үнемі жаңа көзқараспен қарау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бүгінгі басқосу «Білім беру саласындағы жасанды интеллект: мүмкіндіктер және сын-қатерлер» тақырыбына арналатынын айтты. Президенттің пікірінше, біз қазір түбегейлі өзгерістер дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Жасанды интеллект бүгінде экономиканың, мемлекеттік басқару жүйесінің, ғылымның, ең бастысы, білім беру саласының келешегін айқындауда. — Біздің ұлт ретінде бәсекеге қабілеттілігіміз және егемендігіміз осы технологияны қалай

пайдаланатынымызға қарай анықталады. Мен жуырдағы Жолдауымда алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды толық цифрлық елге айналдыру жөнінде стратегиялық мақсат қойдым. Жасанды интеллект осы трансформацияның қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл орайда әлемдегі немесе аймақтағы көшбасшылық туралы сөз қозғалып отырған жоқ. Басты мақсат – Қазақстанды озық, өркениетті елге айналдыру. Көптеген жетекші елдер жасанды интеллекттің XXI ғасырдың стратегиялық ресурсы ретінде мойындады және оны дамытуға қомақты қаржы бөліп отыр. Мысалы, Қытай «ЖИ +» (AI+) атты мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда. Оның аясында жасанды интеллект технологиясын экономикаға, ғылымға және әлеуметтік салаға кешенді түрде интеграциялау көзделген. Ал Құрама Штаттар аталған салада дүние жүзі бойынша көш бастауды мақсат тұтады. Соған сәйкес стратегиясын іске асыра бастады. Бұл фактілер әлемде мүлдем жаңа даму парадигмасы қалыптасып жатқанын көрсетеді: жаһандағы технологиялық бәсекеңің негізгі факторы – жасанды интеллект. Қазақстан бұл үдерістен тыс қала алмайды. Сол себепті біз барлық саладағы интеграцияны үйлестіру үшін Жасанды интеллект министрлігін құрдық, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің алдында тұрған басты мақсат отандық технологияны жан-жақты дамыту және мықты IT мамандарын даярлау екеніне мән берді. Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласындағы негізгі басымдықтарға тоқталды. — Университеттер жаңа заманға сай мамандар дайындауға тиіс. Қазақстанның инженерлері, зерттеушілері және кәсіпкерлері бүкіл әлемнің қажетіне жарайтын озық технологияларды ойлап табуға қабілетті болуы керек. Жыл басында елімізде AI-Sana бағдарламасы іске қосылды.

Осы жоба аясында 440 мыңнан астам студент жасанды интеллект саласы бойынша арнайы сертификатқа ие болды. Мұндай бағдарламалардың пайдасы мол, себебі дәл осындай алаңдарда ең үздік жобалар өз алдына стартап ретінде қалыптасып, халықаралық нарыққа шыға бастайды. Алайда біз әлемдік нарықта жасанды интеллект мамандарына деген сұраныстың өте жоғары екенін ұмытпауымыз керек және алдағы уақытта бұл сұраныс тек өсе бермек. Мұндай жағдайда, тіпті, білім беру жүйесінің мүмкіндігі де шектеулі болары анық. Сол себепті қазіргі озық технология дәуірінде әр маман иесі өзінің негізгі кәсібімен қатар, цифрлық дағдыларды жетік меңгеріп, жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін жұмыс барысында қолдана білгені жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүгінде елімізде жасанды интеллект мамандарын оқытатын арнайы оқу орны жоқ екеніне, олар тек жекелеген университеттерде білім алатынына назар аударды.

— Бұл мәселені қолға алып, нақты шешім қабылдау керек. Әлемде мұндай тәжірибе бұрыннан бар. Мысалы, Біріккен Араб Әмірліктерінде Мұхаммед бен Заид атындағы мамандандырылған Жасанды интеллект университеті құрылды. Қазақстанда 79 университетте IT мамандығы бойынша 63 мыңнан астам студент оқиды. Былтырдан бері білім беру бағдарламаларына Жасанды интеллект пәні жаппай енгізіліп жатыр. Сондай-ақ университеттерде жасанды интеллект жөніндегі ғылыми-зерттеу орталықтары жұмыс істейді. Білікті ғалымдарымыз былтыр KazLLM атты қазақ тілінің жеке моделін жасап шығарды. Осының бәрі өте маңызды жобалар екені сөзсіз. Бірақ алда ауқымды жұмыс бар, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алдымен елімізде жасанды интеллект саласына маманданған зерттеу

университетін ашып, жасанды интеллектті білім беру жүйесіне кеңінен енгізу қажет деп санайды. Президент оқушылардың цифрлық профильдерін қалыптастыруды тағы бір маңызды басымдық ретінде атап өтіп, мұғалімдер көп уақытын жұмсайтын күнделікті күйбең шаруаны жасанды интеллект арқылы автоматтандырудың маңызына назар аударды.

— Алгоритмдер шәкірттерге жеке тапсырмалар мен дайындық тесттерін әзірлеп, жауаптарды тексеріп, олармен жылдам кері байланыс орната алады. Мұндай технологиялық шешім мұғалімдердің жұмысын едәуір жеңілдетіп, ұстаздық қызметімен айналысуына мүмкіндік береді. Бірақ бір нәрсе әрдайым есте болуға тиіс: мұғалімнің жанашырлығын және ақыл-парасатын ешбір технология алмастыра алмайды. Сондықтан мұғалім мен оқушы арасындағы адами қарым-қатынас білім беру үдерісінің өзегі болып қалуға тиіс. Біздің мақсатымыз – педагогтерді басы артық жұмыстан босату, өз миссиясын алаңсыз атқаруына жағдай жасау. Үкімет жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізген кезде осы қағидалы ескеруі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім алу мүмкіндіктерін кеңейту маңызды міндет екеніне мән берді. Мемлекет басшысының пікірінше, жасанды интеллект білімді дамытуға және таратуға оң ықпал етеді. Жаңа технологияларды жетік меңгерсек те, өз болмысымызды, яғни төл мәдениетімізді, құндылықтарымызды сақтап қалуға тиіспіз. Заманауи үрдістердің пайдасы мен зиянын ажырата білуіміз қажет. Ұлт дүниетанымына жат нәрселердің білім жүйесіне енуіне жол бермеуіміз керек. Түптеп келгенде, жасанды интеллект ел мүддесіне қызмет еткені дұрыс.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласына жасанды интеллектті кеңінен енгізу барысында оның қауіп-қатерлерін

қаперден шығармауды ескертті.

— Ең алдымен, бұл жерде жасанды интеллектті теріс пиғылда пайдалану секілді этикалық мәселелер сөз болып отыр. Нейрожелі берген жауапқа сеніп, оқушылар сыни пайымдау, іздену және сараптау қабілетінен айырылып қалуы мүмкін. ЖИ білім беру үдерісін жетілдіруге тиіс, бірақ оның іргелі негізін алмастырмауы керек. Сондықтан Үкімет академиялық адалдықты қамтамасыз ету бағытында кешенді шаралар қабылдауы қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, біздің цифрлық стратегиямызда ұлт мүддесі басты орында тұратынын жеткізді. — Шын мәнінде, негізгі мәселе жасанды интеллект қана емес. Ең бастысы – елдің егемендігі, ұрпақтың болашағы. Үкімет бүгін айтылған ұсыныстың бәрін мұқият қарастырады. Сөз соңында бір мәселені атап өткім келеді. Жасанды интеллект – цифрлық экономиканың негізгі қозғаушы күші. Сондықтан Кеңестің келесі отырысын осы тақырыпқа арнауы ұсынамын, – деді Мемлекет басшысы.

Кеңес отырысында Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, БАӨ Жасанды интеллект мәселелері жөніндегі мемлекеттік министрі Омар Әл-Олама, Sinnovation Ventures және O1.ai негізін қалаушы Ли Кай Фу, Cambrian Futures компаниясының бас директоры Олаф Дж. Грот, Сан-Диегодағы Калифорния университетінің ректоры Прадип Кхосла, Тьюринг атындағы сыйлықтың лауреаты Джон Хопкрофт, БҰҰ-ның «ЖИ игілік үшін» бастамасы атқарушы кеңесінің төрағасы Эбетасем Әл-Мазруи, Polynome Group негізін қалаушы Александр Ханин және Oxford Insights компаниясының бас директоры Ричард Стирлинг сөз сөйледі.

Елордадағы Жәрмеңке: Жетісудан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 155 тоннадан астам өнім әкелді



Демалыс күндері елордада өткен ауылшаруашылық жәрмеңкесіне жетісулық өндірушілер жалпы көлемі шамамен 155 тоннаны құрайтын 54 түрлі өнім әкелді, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жәрмеңкеге екі қаладан – Талдықорған мен Текеліден және Алакөл, Ақсу, Сарқан, Панфилов, Кербұлақ, Қаратал, Көксу, Ескелді ауданынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қатысты.

Астанаға жеңілдетілген бағамен барлығы 154,8 тонна азық-түлік жеткізілді. Оның ішінде ет, балық, сүт өнімдері, көкөністер, жемістер, бал және басқа да өнім көп. Ақсу және Көксу аудандары елорда тұрғындарын өз зауыттарында өндірілген сапалы қантпен қуанса, Ескелді ауданы алма, жеміс-жидек, Кербұлақ ауданы картоп пен бал тарту етті. Етке сұраныс жоғары болды.

Астана тұрғыны Айнұр Садықова: «Мен картоп пен алма сатып алдым. Айырмашылығын, балғындығын және табиғилығын бірден сезе аласыз. Бұл отбасына қажет» деген ойымен бөлісті.

Ал бағаларға қатысты зейнеткер Нұрлан Ахметов: «Дүкендерде ет қымбат. Бірақ мұнда біршама арзанырақ. Қаратал ауданынан сиыр етін сатып алып, сапасына риза болдым», – дейді ол.

Жас ана Әлия Кеңес көкөністердің үлкен таңдауын атап өтті: «Мен Көксу ауданынан сәбіз мен қырыққабат сатып алдым. Барлығы таза әрі балғын. Күні кеше ғана ғана терілгені анық. Жәрмеңке ұйымдастырушыларға көп рахмет».

Ұйымдастырушылардың бағалауы бойынша екі күнде шамамен 128,8 млн. теңгенің өнімі сатылған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Талдықорғанда Чили компаниясы тегістегіш болат шар өндіретін зауыт салады

Талдықорғанда Чили компаниясы тегістегіш болат шар өндіретін зауыт салады. Жаңа кәсіпорынның іргетасын қалау келесі жылға жоспарланып отыр, – деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов шетелдік инвесторлармен өткен кездесуде ірі инвестициялық жобаны іске асыру жұмыстары келісімшартқа қол қойылған сәттен жүйелі түрде жүргізіліп келе жатқанын атап өтті.

- Инвестициялық жобалар – экономиканың ең маңызды драйвері. Жетісу облысында бірқатар ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Негізгі құжаттарға қол қойылып, бірнеше кездесу өткізілгеннен кейін біз өз тарапымыздан болашақ зауытты орналастыру үшін «Талдықорған» индустриалды аймағынан жер телімін дайындадық. Облыс басшылығы атынан қолданыстағы заңнама аясында инвестжобаға барынша қолдау көрсетілетінін айтқым келеді. Бұл жоба өңір экономикасына мультипликативті әсер беріп қана қоймай, тұрақты жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді, – деді Ә. Қанағатов. Ол сондай-ақ жобаны іске асыру мерзімдері мен құрылыс жұмыстарының алдын ала кестесіне қатысты бірқатар нақты мәселелерді алға тартты.

«ME Elecmetal» компаниясының бас директоры Эухенио Артеага атап өткендей, Жетісу облысы стратегиялық тұрғыдан қолайлы географиялық орналасуға ие, қажетті логистика мен энергетика саласындағы ресурстарға бай, бұл дайын өнімді табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

– Біздің жоба металлургия саласын дамытуға бағытталған. Өнім ішкі нарықта да, Орталық Азия елдеріне де экспортқа жіберілетін болады. Барлық ұйымдастыру мәселесі шешілгеннен кейін келер жылдың наурыз айында болашақ зауыттың іргетасын қалауды жоспарлап отырмыз, – дейді компания директоры. Сондай-ақ жобаны іске асырудың негізгі кезеңдері туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

Кездесу соңында қос тарап жобаға қатысты барлық ағымдағы мәселелерді талқылап, экономикалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту туралы келісті.

Естеріңізге сала кетейік, «KAZ Minerals» тобы мен чилилік инвестор «ME Elecmetal» компаниясы арасында тегістегіш болат шар өндіретін зауыт құрылысы бойынша оффтейк-келісімшартқа қол қою биыл наурыз айында Астана қаласында өткен болатын. Кездесуге Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің басшылығы, қос тарап елшіліктердің, облыс әкімдігінің және компаниялардың өкілдері қатысты.

Қуаты 180 мың тоннаға дейін тегістегіш болат шар шығаратын жаңа кәсіпорынды іске қосудың арқасында Жетісу облысының экономикасына шамамен 70 млн. доллар инвестиция тартылып, 150 жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Зауытты іске қосу 2028 жылға жоспарланған.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.



Жетісу облысында Ақсу және Көксу қант зауыттары тәтті түбір қабылдай бастады. Екі зауытта барлығы 528 мың тонна қант қызылшасын қайта өңдеу жоспарланған, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Қант зауыттары қант қызылшасын қабылдай бастады

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, биыл өңірде қант қызылшасы шамамен 12,2 мың гектарға егілген. Қазір Ақсу, Алакөл, Сарқан, Ескелді және Көксу аудандарында өнім жинау жұмыстары басталды. Жинауға 113 комбайн мен 52 жапырақ жинағыш машина қатысуда. Комбайндардың қуаттылығы күніне 700 гектарға дейін жинауға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда 240 гектар жер қазылып, 10 мың тоннадан астам өнім жиналды, орташа түсім – гектарына 422,6 центнер.

– Ауыл шаруашылығы саласында қант қызылшасы аса маңызды. Біздің облыста тәтті түбірді өсіру жақсы жолға қойылған. Жергілікті бюджеттен өндірілген қант қызылшасының тоннасына 25 мың теңге субсидия төленсе, зауыттар тоннасына тағы 15 мың теңге береді. Нәтижесінде сатып алу бағасы 40 мың теңгеге жетеді. Сонымен қатар қызылша өсірушілер сатып алынған тұқымдар, минералды тыңайтқыштар, пестицидтер үшін де субсидия алады. Оларға арзандатылған жанар-жағармай, лизингке техника ұсынылады. Облыста барлығы қызылша бағытындағы 25 сервистік-дайындау орталығы жұмыс істейді. Онда 450-ге жуық ауыл шаруашылығы техникасы бар. Бүгінде екі зауыт та астықты қабылдап, өңдеуге дайын. Ақсу қант зауыты көліктердің тұрған кезегіне сәйкес күніне 3 мың тоннаға дейін қабылдаса, Көксу қант зауыты кесте бойынша күніне 2 мың тонна өнім алуға қауқарлы. Жалпы алғанда 528 мың тонна өнім алынады деп күтілуде. Оның 292 мың тоннасы Ақсу қант зауытына, 236 мың тоннасы Көксу зауытына бағытталады, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдіәулет Кененбаев.

Айта кетейік, Көксу ауданында биыл қант қызылшасын өсірумен 136 шаруашылық айналысуда.

– Біз биыл 40 гектар жерге қант қызылшасын отырғыздық. Қызылша жинау науқаны басталды. Барлық қажетті техника бар. Міне, алғашқылардың бірі болып қызылшаны қабылдау пунктіне әкелдік, бәрін тез тапсырып, астықты шығынсыз жинауды жоспарлап отырмыз. Өткен жылы біз қызылша тапсыруды 15 қыркүйекте бастадық және он күнде аяқтадық. Биыл жұмысты қазанда бастап отырмыз. Енді өніміміз жемісті болады деп ойлаймыз. Айтпақшы, ауданымыздағы өңдеу зауыты майбұршақты да қабылдайды. Сол істі де қолға алдық, – деп атап өтті шаруа қожалығының басшысы Мақсат Әбдірахманов.

Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, қант қызылшасын қабылдау Ақсу қант зауытында да басталды. Жалпы ауданда биыл қант қызылшасын 2400 гектарға 94 шаруа қожалығы екті. Көршілес Сарқан және Алакөл аудандарының шаруалары да қант зауытына өз өнімдерін тапсырып жатыр. Зауытта қайта өңдеуді іске қосу 7 қазанға жоспарланған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Жетісуда Ұлы Отан соғысының жалғыз ардагері құрметке бөленді

Жетісу облысында Қарттар күніне орай Ұлы Отан соғысының жалғыз ардагері Ысқақ Құсайыновқа арнайы құрмет көрсетілді. Облыс әкімінің атынан ардагерді облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов пен облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт құттықтады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Ардагермен әңгімелесіп, мерекемен құттықтаған Диас Рахметұлы мен Ермек Әбілмәжінұлы құрметті қарияға Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай шығарылған «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» кітабын, гүл шоғын және азық-түлік себетін сыйға тартты. 101 жастағы ардагер өзіне көрсетілген құрметке ризашылық білдіріп, ақ батасын арнады.

Ысқақ Әбілпейісұлы Құсайынов 1924 жылы Алакөл ауданындағы Көлбай ауылында дүниеге келген. Майданға 1942 жылы өзі сұранып аттанған. Амур өскери-теңіз флотындағы «Зенит» дивизиясында фашист басқыншыларына қарсы соғысқан ардагер «Әскери-теңіз флотының үздігі» атағын алған. Жапон соғысына қатысқаннан кейін туған жерге оралып, педучилищеде білім алып, Екпінді ауылындағы мектепке мұғалім болып жұмыс істейді. Кейіннен сол мектептің директоры болды. Білім саласына 40 жылын сарп еткен ұстаз – мектеп оқушыларына арналған бірнеше оқулықтың авторы. Майдандағы ерлігі үшін II дәрежелі Отан орденімен марапатталған ардагер – Еңбек Қызыл Ту орденінің және басқа да медальдармен мен марапаттардың иесі. Бейбіт күнде «Ерен еңбегі үшін» медалін кеудесіне қадаған.

Айта кетейік, биыл «BATYR MAN» жобасының аясында Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері Ысқақ Құсайынов туралы жеке кітап жарық көрген болатын. Туындыны облыстық жастар ресурстық орталығының қызметкерлері дайындады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

•Жолдау - өрлеу өзегі•

Жаңа дәуір үрдісі

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі қарқынды өзгерістерге толы, жаһандық бәсекенің жаңа алаңы. Бұл салада алпауыт мемлекеттер ілгері қадам жасап, технологиялық үстемдікке ұмтылып жатқаны белгілі. Жасанды интеллект технологияларының дамуы оқыту процесін тиімді етуге, білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімдеуге және педагогтардың жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект — бұл жай ғана құрал емес, жоғары білім беруді трансформациялаудың негізгі факторы. Ол үшін білім беру жүйесіндегі жаңашылдықты бүгіннен бастап қабылдап, жақсы нәтиже көрсету. Бүгінгі таңда еліміздегі әрбір мектепте ЖИ құралдарын сабақтарда қолдану жүйелі түрде жүзеге асырыла бастады. Мұғалімдер сабақ барысында интерактивті платформаларды, деректерді талдайтын бағдарламаларды және интеллектуалды тестілеу жүйелерін кеңінен пайдалануда. Бұл оқышылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал етіп жатқандығын күнделікті тәжірибеден байқап отырмыз.

Цифрлық дәуірде оқышылар тек теориялық біліммен шектелмей, технологиялық дағдыларды да игеруі қажет. ЖИ құралдары арқылы оқыту, деректерді талдау, проблемаларды шешу және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Бұл олардың еңбек нарығында сұранысқа ие маман болуына септігін тигізеді. Сондықтан да біз заман көшінен, нарық сұранысынан қалмайық деп бар күш-жігерімізді сарп етіп, жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Мектебімізде болашақта да жасанды интеллектің әлеуетін кеңінен пайдалануды жоспарлап, алғышарттарын тәжірибеде пайдаланудамыз. Оқытушылардың кәсіби дамуын жетілдіру, білім алу мүмкіндіктерін кеңейту және оқу процесінің сапасын арттыру — біздің басты мақсатымыздың бірі.

Жасанды интеллект — тек технология емес, ол — болашақтың білім беру құралы. Сондықтан біз бұл бағыттағы жұмысты жалғастырып, сапалы білім беру ісіне жаңа серпін беруге ұмтыламыз.

Айдана ЗАБИЛЬХАНОВА,
Алмалы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

ЖАРАМСЫЗ ҮДЫСТАРДЫ ЗИЯНСЫЗДАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңының 14-1 бабының 1-ші тармағына сәйкес (Тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтер (ұлы химикаттар) мен пестицидтердің (ұлы химикаттардың) ыдыстары зиянсыздандырылуға жатады). Сол себептен барлық шаруашылық құрылымдары қолданыстан қалған бос ыдыстарды залалсыздандырулары міндетті.

Осы баптың 2-ші тармағына сәйкес (Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) зиянсыздандыру үшін арнаулы сақтау орындары (көмінділері)) көзделген.

Фирмалардан сатып алған шаруашылықтар келісім-шарт бойынша бос ыдыстарын Серіктестікке қайтарып өткізулері міндеттелген, сол себептен уақытын өткізіп алмауларыңызды сұраймын, өтіп кеткен жағдайда өз қаражаттарыңыздан залалсыздандырасыздар.

Аталған талаптар орындалмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік Құқық бұзушылық Кодексінің 403 бабына сәйкес жауапқа тартылады.

Барлық сұрақтар бойынша 8 707 587 50 29 телефонға хабарласуға болады.

Р.БОКУШБАЕВ,
Сарқан аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және карантин жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Мемлекеттік қызметтің әдептік және құқықтық аспектілерін талқылау бойынша кездесулер өткізу бастамасы жергілікті атқарушы органдары жұмысының тиімділігін арттыруға және мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен Жетісу облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті, Ұлттық статистика бюросының Жетісу облысы бойынша департаменті, Жетісу облысы бойынша жер ресурстарын басқару департаменті және Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық инспекциясында мемлекеттік қызметшілер арасында мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін бұзушылықтардың алдын алу және мемлекеттік қызмет саласындағы мәселелері бойынша түсіндіру семинарлар өткізілді.

Іс-шараның мақсаты мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттыру, әдептілік стандарттарын сақтаудың өзекті мәселелерін талқылау және қызметтік қызмет шеңберінде ықтимал бұзушылықтардың алдын алу болды.

Қазіргі заманның мемлекеттік қызметшілері қоғам тарапынан қойылатын талаптарға сай болуы тиіс, себебі олардың басты міндеті — азаматтардың қоғамдық мүдделері үшін қызмет ету болып табылады деп отырыс-кездесуде айтылды.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің мемлекет тұрақтылығының кепілі екені сөзсіз. Олар ақпараттың ашықтығы

ЧТО ТАКОЕ СТАЛКИНГ



В целях усиления мер по защите личной свободы граждан и в рамках реализации Концепции «Закон и Порядок» 16 июля 2025 года Глава государства подписал Закон, которым в Уголовный кодекс введена новая статья 115-1 — «Сталкинг». Закон вступил в силу 16 - го сентября.

Сталкинг — это незаконное преследование лица, выражающееся в действиях, направленных на установление контакта и (или) выслеживание лица вопреки его воле, не сопряженных с насилием, повлекших существенный вред.

Впервые в отечественном законодательстве за такие действия предусмотрена уголовная ответственность в виде штрафа до 200 МРП, общественные работы до 200 часов, либо арест до 50 суток.

Если stalking сопровождается насилием, угрозами, шантажом, нарушением неприкосновенности частной жизни, деяния будут квалифицироваться дополнительно по другим статьям Уголовного кодекса.

Отдел по борьбе с семейно-бытовым насилием.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ САЛМАҚТЫ

мен қолжетімділігін, халықтың барлық топтарына ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен жылдамдығын қамтамасыз етеді, адалдықтың, әділдіктің және кәсіпқойлықтың үлгісі болып табылады.

Әрбір қазақстандық мемлекеттік қызметші өз қызметінде мемлекеттік қызметтегі мінез-құлық қағидаларын реттейтін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін басшылыққа алуға міндетті. Кодекске сәйкес, олар жоғары кәсіби, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға тиіс. Әдептілік - өркениетті қоғамның адамгершілік қағидалары екенін есте ұстаған жөн.

Кездесу барысында Әдеп кодексінде айқындалған негізгі қағидаттар жан-жақты қарастырылды. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметтің қоғамдағы орны мен рөлі, мемлекеттік қызметшілердің жеке жауапкершілігі және қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтау мен нығайту қажеттілігі талқыланды.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындау барысында ұстануға тиіс жүріс-тұрыс қағидалары мен әдеп стандарттары ерекше назарға алынды. Әдеп нормаларын сақтау мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әдебін арттыруға, олардың қоғам алдындағы адалдығын қамтамасыз етуге ықпал ететіні атап өтілді.

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметші-

лердің құқықтары мен міндеттері, тәртіптік жаза қолдану қағидаттары кеңінен талданып, Әдеп кодексінің талаптарын іс жүзінде орындаудың негізгі тетіктері түсіндірілді.

Жалпы, кездесу барысында көтерілген мәселелер мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасын жетілдіруге, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік органдарға деген азаматтардың сенімін нығайтуға бағытталды.

Мұндай кездесулер мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлығын арттырып қана қоймай, мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайтуға мүмкіндік береді. Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерімен мемлекеттік қызметшілерді заңнамадағы соңғы өзгерістер туралы үнемі хабардар ету үшін осындай іс-шараларды тұрақты өткізудің маңыздылығын атап өтті.

Аталған бағыттағы жұмыстарды нәтижелі жүзеге асыру айрықша маңызды. Мемлекеттік қызметшілерге құқықтық ақпарат жеткізу жөніндегі жұмысы мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайтуға, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті.

Оқушыларға қандай медициналық көмек қарастырылған?

Оқу жылы басталғалы бері ата-аналар балаларына қандай тегін медициналық қызметтер көрсетілетінін білгісі келеді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры бұл туралы түсініктеме дайындады. Оқушылар МӘМС жүйесінде автоматты түрде сақтандырылған, яғни олар үшін жарналарды мемлекет төлейді. Сондықтан олар кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемінде де, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті аясында да барлық қажетті медициналық қызметтерді ала алады.

Оқушыларға қандай медициналық қызметтер қолжетімді? Мектеп медицинасы; Стоматологиялық қызметтер; Дәрігерлердің консультациялары; Зертханалық талдаулар; Құрал-жабдық диагностикасы (УДЗ, рентген, КТ, МРТ және

т.б.); Күндізгі стационар; Тәулік бойғы стационар; Оңалту қызметтері; Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету (аурулардың тізімі бойынша); Жоғары технологиялық медициналық көмек.

«Мектеп медицинасы» деген не? Бұл — білім беру ұйымдарында мектеп және мектепке дейінгі балаларға көрсетілетін медициналық көмек. Оған балалардың денсаулығын қорғау мен нығайту, аурулардың алдын алу және олардың денсаулық жағдайын динамикалық бақылау кіреді.

Мектеп медицинасына келесі қызметтер кіреді: Алдын ала медициналық

қарауларды жүргізу; Оқу және демалыс уақытындағы сауықтыру іс-шаралары; Аурулардың алдын алу; Денсаулықты нығайту және дұрыс тамақтануды насихаттау; Репродуктивті денсаулықты қорғау; Психикалық денсаулықты қорғау, суицид, темекі шегу, есірткі мен улы заттарға әуестік, ойынға тәуелділіктің алдын алу; Ұлттық екеп күнтізбесіне сәйкес вакцинация жүргізу; Алдын ала қараулар нәтижесі бойынша оқушыларды терең медициналық тексеруге жолдау; Санитарлық ережелерді сақтау.

Бұл қызметтер мектеп орналасқан аумаққа тиесілі емхана арқылы көрсетіледі.

Мектептердегі медициналық пункттер оқу жылы барысында балаларды медициналық қызметкерлер бақылап, уақытылы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Сол себепті ата-аналар кейде балаларына қатысты көрсетілген медициналық қызметті білмей, оған жүгінбегенін айтып жатады. Мұндай қызметтер туралы ақпарат скрининг және қосымша диагностикалық шаралар толық аяқталғаннан кейін, кейде баланың жасы жеткеннен кейін ғана базада пайда болуы мүмкін (мысалы, баланың жасы жетіге толмаған болса да, ол бірінші сыныпта оқитын болса, скрининг нәтижелері бала туған күнінен кейін енгізіледі).

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.



АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті жерлестер! Сіздерді қазан айының 1-інен 31-іне дейін жалғасын табатын «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» атты айлық акциясына қатысуға шақырамыз! 1 қазан-Халықаралық қарттар күні деп айшықталса, қазан айы аға буын өкілдеріне деген қамқорлықпен жарасым тауып келе жатқандығына қаншама жылдар өтті. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық

бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлығы акциясына ұласып келеді. Бұл ай біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету аға буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе көлденең өтпеген. Біздің ауданда қамқорлық акциясы дәстүрге айналып,

қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артуда.

Әлемді жайлаған экономикалық қиындықтар біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Бүкіл әлем күрделі әрі маңызды кезеңді бастан өткізуде. Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Дегенмен, елімізде, оның ішінде біздің өңірде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар барлығын жақсы білеміз. Сондықтан аудандағы барлық мекеме-ұйымдар, коммерциялық құрылымдар «Қайырымдының қазаны

ортаймайды» деген ұғыммен дәстүрімізді сабақтастырып келеді.

Өмірдің өткелінен өткен аға буын өкілдерінің кейбірі жасы ұлғайған шағында жылулық пен мейрімге зәру болып қалады. Барлық мекеме-ұйым жетекшілерін, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Өз елінің патриоты ретінде акцияға бей-жай қарамайтын азаматтар ауыл әкімдіктермен, аудандық ардагерлер кеңесімен байланысқа шығып үлестеріңізді қосыңыздар.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Сарқан аудандық филиалы.

•Абай Құнанбайұлы – 180



Қарттардың да есере бар таласы

«Қазақ – ақын халық» деген сөйлемде шындықтың үлкен бір ұшқыны бар. Олай дейтініміз, замандастарымыздың көпшілігі қай кезде де қуанышы мен сүйінішін өлеңмен өрнектеуге, кейбір сәтте күйінішін де өлең жолдарымен жеткізуге тырысып жатады. Ондай кездері ұлы Абайдың «Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен, ойлансаңшы бос қақпай өлең-селең» деген талағай тұжырымы ойға оралмай қоймайды.

Осы ойымызға түйін ретінде Талдықорғандағы Ардагерлер үйінде қарттар арасында өткен мүшәйраны айтуға болады. Абай дананың 180 жылдығына орай ұйымдастырылған бұл шараға қала аумағында тұратын қариялар қатысып, шығармаларын сынға салды.

Бұдан бұрынғы жыр бәсекелерінде кітаптары шығып, оқырманға танылып қалған ақындар жүлде бермей жүрген болатын. Бұл жолы көпшіліктің тілегі ескеріліп, танымал ақындар мүшәйраға қатыстырылмады. «Қарттардың да өлеңге бар таласы» деген девизбен ақындыққа жақын ардагерлер жүректерін жарып шыққан туындыларын әділқазылар сарабына салды.

Сөз орайы келгенде әділқазылар алқасы жайында да бірер сөз айта кетейік. Бұл жолы әділқазылар алқасының құрамы да қариялардың өз арасынан іріктелді. Мұның өзі қариялардың қазылар құрамына деген сенімін арттыра түскендей әсер қалдырды. Нақты айтатын болсақ, осындай шараларға бұған дейін де белсене қатысып жүрген жазушы, журналист Кенжехан Рақыш пен Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі Жұмабала Балақаранова қазылар құрамында болды.

Мүшәйра тізгінін қолына алған Жазушылар одағының Жетісу облысындағы өкілі ақын Жангелді Немеребай жыр бәсекесінің шарттарымен таныстырып өткеннен кейін қатысушыларды Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Мұратбек Қожабеков құттықтады. Келесі кезекте ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Сайлау Қожағұлов мүшәйра тақырыбына айналған жайт – Абай ұлағаты, даналық тәлімі жайында ой өрбітті.

Қарты бар үй – қазыналы үй. Ондай ғимаратта ата дәстүрімен алдымен бата берілетіні де белгілі жайт. Соған орай қатысушы Ерболған Бектенов жиналғандарға ақ батасын беріп, ізгі тілегін арнады. Содан кейінгі кезекте әділқазылар алқасының төрағасы Нүсіпбай Әбдірахым мүшәйра қоржынына келіп түскен өлеңдерге шолу жасап, жетістіктері мен жекелеген кемшіліктер жайын айтып өтті.

Баса айтып өтетін бір жайт – мүшәйраға қатысушының бірде-бірі ескерусіз қалмады. Жүлдегерлерге қаржылай сыйлықтар берілсе, ынталандыру ретінде бағалы заттар табыс етілді.

Жыр жарысында жүлделі 1-орынды Бағила Азанбаева жеңіп алса, 2-орынды Нұртай Шынғожанова иеленді. Екі үшінші орынды Төлеухан Құмарбекова мен Бауыржан Жылқыбаевтар өзара бөлісті.

Еркін форматта өткен мүшәйра барысында қатысушылардың барлығы өз өлеңдерін оқыды. Абайдың жан толқытар әндерін орындап, жиналғандар ықыласына бөленген қарияларға да дуылдата қол соғылып, құрмет көрсетілді.

Н. ДОДАБАЙҰЛЫ.

ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛІ ОРТАЛЫҚ

Қарттықты құрметтеу және үлгі тұту, қарт адамдардың сіңірген еңбектерін, мемлекеттің дамуына қосқан елеулі үлестерін мойындау белгісі ретінде Қазақстанда жыл сайын 1-қазан күні Халықаралық қарттар күні аталып өтіледі.

Ұрпақтар арасындағы үндестікті, алдыңғы толқын мен кейінгі толқынның сабақ-тастығын паш еткен шапағатты шара "Жанұя" отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру орталығында өтті. Іс-шараның басты ерекшелігі шараны орталық қызметкерлері мен қызмет алушылары өз күштермен ұйымдастырып, ақылдың кенін арқалаған айбынды аталар мен ақ жаулықты аналарға мерекелік кеш ұсынды.

«Қартын сыйлаған ел - қадірін білген ел» атты мерекелік жиында алғашқы сөзді Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлімі басшысы Бекжан Асылханов алып, «маңдайларын күн шалып, табандарын құм шалып, қажырлы еңбек еткен қарияларды» мерекемен құттықтап, мерекелік ақ тілегін ортаға салды.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қызмет алушылары мерекелік кеш барысында ескі де есті әуендерді жанды дауыста әуелетіп, қазақтың халық билері қара жорға, қамажайды билеп, көрермендерінің көңілін көтерді. Сонымен қатар орталыққа келуші қарттардың қолөнер туындылары көпшілік назарына ұсынылды. Көздің жауын алатын, асқан шеберлікпен, зор махаббаттан туындаған сан түрлі бұйымдар келушілердің зор таңданысын тудырды. Көпшілік алдында сөз алған Исатай, Нұрсұлу, Мағрифа, Екінгүл сынды қызмет алушылар басшылары Әсел Сәбитжанқызының жүйелі жұмысына әсіресе физикалық терапия нұсқаушысы Фархат Мұратханов,



Ботагөз Дүйсенбек, Гүлсезім Тұрар, Арайлым Рахимова және өзге де орталық қызметкерлеріне зор алғысын ақтарды.

Келесі кезекте аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлімі басшысы Бекжан Досымбекұлы мен "Жанұя" отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Әсел Сәбитжанқызы аталмыш орталықтың қызмет алушылар арасында белсене атсалысып жүрген ардагерлерді марапаттап мерейлерін өсірді. Бір - біріне деген құрмет пен сыйласым жарасым тапқан мерекелік шараның соңында барлығы арнайы жайылған дастарханнан дәм татты.

Биыл жұмысын бастаған "Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында" білікті мамандар өз қызмет алушыларына сан түрлі дене жаттығуларын жасатса, мұндағы велотренажер, жүгіру жолы, массаж креслосы, тұзды бөлме қарттардың денсаулықтарын түзеуге мүмкіндік береді. Орталықта келушілерге сонымен қатар арнайы құрылғыларда оюмен бөстек тігіп, сурет салып, би билеп, шахмат, шашки, теннис ойнап, уақыттарын тиімді өткізуге барлық жағдай жасалған.

Өз тілшіміз.

Қарттар – елдің қазынасы, ұрпақтың өнегесі

Қазан айының алғашқы күні – елімізде дәстүрге айналған Қарттар күні. Бұл күн – елге еңбегі сіңген, ақыл-парасатымен ұрпақ тәрбиелеген аға буынға құрмет көрсетіп, алғыс айту күні. Халық шежіресі - қария қазақ халқы әрқашан сыйлап, ардақтап келген. «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» деп бекер айтылмаса керек. Өйткені әрбір қария – өткен өмірдің куәсі, тұтас дәуірдің шежіресі. Олардың маңдай терімен, қажырлы еңбегімен еліміз өркендеп, жеріміз гүлденді. Қиын-қыстау кезеңдерді бастан көшкен аталарымыз бен әжелеріміздің өнегелі өмір жолы бүгінгі жастар үшін баға жетпес сабақ.

Қоғамымыздың түрлі саласында ұзақ жылдар еңбек етіп, тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлес қосқан қарттарымыз бүгінде жас ұрпаққа ақылшы, бағыт-бағдар беруші. Олардың батасы – елге береке, бірлік әкелетін құдіретті тілек. Қазір ауылдарда, мәдениет ошақтарында, еңбек ұжымдарында ардагерлерге арналып мерекелік шаралар ұйымдастырылып, сый-құрмет көрсетілуде. Балалар ән айтып, өлең оқып, ата-әжелеріне алғыс білдіруде. Мұның бәрі – үлкенге деген ықыластың айғағы.

Қарттар күні – тек мерекелік көңіл көтеру ғана емес, жас буынға үлгі боларлық тәрбиелік мәні зор іс-шара. Қарияларымыздың өмір жолын дәріптеу арқылы жастарға еңбексүйгіштік пен отансүйгіштікті ұғындыруға болады. Әжелердің алақанынан дәм татып, аталардың батасын алу – әр қазақ баласы үшін зор бақыт. Сондықтан әрбір жас өз әке-шешесін, ата-әжесін сыйлап, қартайғанда қадірлеуі – парызы.

Қадірлі ардагерлер! Сіздердің саналы ғұмырларыңыз – елге өнеге, жастарға бағдар. Дендеріңізге саулық, жүректеріңізге қуаныш тілейміз. Өмір жастарыңыз ұзақ, отбасыларыңыз аман болсын! Біздің бүгінгі бейбіт өміріміз – сіздердің еткен еңбектеріңіздің жемісі. Қарттары бар ел – қазыналы ел екенін ұмытпайық!

Айкен БИМОЛДАНОВА,
Мұқан Төлебаев ауылдық мәдениет үйі қызметкері.



Жан дүниемді қайтесің қулазыған...

Жомарт ИГИМАН



ӨМІР

Өмір - еңбек, ықылас, пейіл деймін,
Еңбектеніп тер төксем

жеңілдеймін.

Ықылас кеміп, пейілім тарылмаса,
Талқысынан тағдырдың

жеңілмеймін.

Өмір - үміт,
сөнбейтін шырағы бар,
Тәттілігі тым ерек, тұнады бал.
Үзілмейді үмітің сенім болып,
Өлең болып өріліп, жыр ағылар.

Өмір - намыс, еңсемді көтергенім,
Өмір - өзен, өткелсіз өтем дедім.
Намысымды сын сәтте

қайрамасам,

Бүгінге бүгілмей жетер ме едім?

Өмір ғажап, біледі жұртым мұны,
Шақырады алдыға сиқырлы үні.
Пешенеме жазулы аз ба, көп пе,
Маған берген тағдырдың

мүмкіндігі.

Ғұмыр бойы тоқыған, тергенімді,
Қалдырамын қолтаңба - өрнегімді.
Алғаныма өмірден тәубе деймін,
Безбендейді уақыт бергенімді.

ДОС ҚАБІРІНІҢ БАСЫНДА

Біздің көңіл тағы да досқа асықты,
Өзіңді іздеп, елегзіп босқа күтті.
Сен кеткенде келеміз дескен едік,
Саған барар сұрлеуді шөп

басыпты.

Тағдыр салып жүрекке жара,
жамау,
Қатарымды аяусыз тонаған-ау.
Саған барар сұрлеуді шөп

басыпты,

Құлақтары қалқиған молаң анау.
Айдауына дертіңнің көне кетіп,
Не опа таптың ажалға ере кетіп?
Кім келгенін сыбырлап

айтар саған,

Зиратың тұр құлағы елең етіп.

Антыңа адал, сертіңе берік едің,
Әлдиледі ертерек сені өлім.
Ағайынның аяғы саябырсып,
Ұмыта ма күні ертең төңірегің?

Сыр бөлісіп, шыға алмай
құмарынан,
Көңіл қалды, не айла бар,
сірә, бұған.
Мен тірліктің ырқына көнермін-ау,
Жан дүниемді қайтейін құлазыған?!

АЛАЯҚ

Пысықайлар жан беріп, жан алуда,
Қоғам қулық- сұмдықтан

каналуда...

...Алдандым да сан соғып
қалдым, міне,
Ай мен күннің, амал не, аمانында.

Пікірлеске көңілімнің төрін бердім,
Күдікке емес, үміт пен сенімге

ердім.

Ұзын жолда сапарлас болған адам,
Жібі түзу жан болып көрінген-ді.

Алдау, арбау екенін ойлағаны,
Кеш ұғындым, пенде екен

пайда амалы.

Қақшып кетті қалтамды
ойда- жоқта,
Жанға батты сенімді лайлағаны.

Көздегені олжа мен пайда ғана,
Қуыс кеуде обалды ойлана ма?!
Ел қалмапты алаяқ ылаңдамаған,
Жан-жағыма қарап ем, айналама.

Адалдардан айласын асырыпты,
Арсыздықпен қауымды

басыныпты.

Несиеге кіргізіп аңғал жұртты,
Миллиондап қарызға батырыпты.

Алдау, арбау...
жазылмас кесел деп ұқ,
Қоғам теріс айналсын секемденіп.
Алаяқ па, телефон шалған кім деп,
Жауап қатпай тұтқаны

көтермедік.

Жүрегімді жылытып үміт деген,
Бұған дейін ешкімнен үрікпегем.
Аңдап басып аяқты, төңірекке,
Үйренермін қарауды күдікпенен.

ДӘНІККЕННЕН ҚҰНЫҚҚАН ЖАМАН

Сындарлы сәтте нәпсі
сыналып ең,
Құлқынның соңы құрдым,
сірә, білем.

Астыққа қамбадағы дәнiккен соң,
Қарсақ та iн қазбай ма құлағымен.

Заман озды, десек те талғам
басқа,
Құныққанды бола ма аңғармасқа.
Қауіп қылып жаздың ба ақын бабам,
"Малға достың мұңы жоқ

малдан басқа".

Адалдығың тұра алмас арашаға,
Қарынбайлар қоңсыға қараса ма?
Құдық өңеш жемқордың
заманы бұл,
Ханнан бастап жалғасқан
қарашаға.

Зауал, тиым һәм тойым
бар ма бұған,
Ойламайды басқаны өз қамынан.
Жырып қалсам дейді екен

су басынан,

Алып қалсам дейді екен
арбалыдан.

Көп қарғысы кем емес жай оғынан,
Деп сенетін аңғал жұрт баяғыдан.
Ал әзірше қол салған қазынаға,
Құныққанның туып жүр айы

оңынан...

ЕСКІ СУРЕТ...

Сақи тағдыр сыйлаған соң
жарық күн,
Өмірден өз үлесімді алыппын.
Шәкірт бейнем түсті кеше

қолыма,

Сурет емес, мен ескіріп қалыппын.
Қадіріне жете алмаппын бес күннің,
Ертең деумен ерте күнді

кеш қылдым.

Жастық шақтың жарқылының
ізі жоқ,
Қу тірлікті қуып жүріп ескірдім.

Жастық дәмі таңдайымда
бал шырын,
Бұл өмірдің басы-сайран,
арты- мұң.
Жоғалтыппын қызыл-жасыл
дәуренді,
Жоғалтыппын жанарымның
жарқылын.

Жарасатын тентектігі, ерлігі,
Жарасатын менмендігі, өрлігі.
Алыс қалды алып-ұшқан аусар шақ,
...Сабыр суы татар дәмім ендігі.

ШЫНДЫҚ ПЕН СҰМДЫҚ

Көптің бірі ем іздеп шыққан
шындықты,
Сапарласым болып еді кіл мықты.
Жарты жолда айнып қалды

барлығы,

Көрді дағы жылмаңдаған қулықты.

Бұл фәниден іздегендер
шындықты,
Бақ таппады, қайта қайғы-мұң
жұтты.
Ел жүрегі шайлықты рас көргенде,
Сұр жыландай сумаңдаған

сұмдықты.

Төбендей боп тозып темір етігім,
Жоқты таппай қайтпаймын деп

бекідім.

Алла қолдап жүрексініп қағып ем,
Шындық жасырынған үйдің есігін.
Ақиқатты ар-иманы күзеткен,
Көргім келіп қағып едім ізетпен.
Дімкәс біреу аяғына шалынып,
Ашты есікті тұрғандай

бір сүзектен.

Қоғам оны жүнжітіпті ұйпалап,
Тергеу, тінту... тиесілі сый-табақ.
Үзіледі-ау жіңішкеріп жіптей бір,
Маңдайына жазылғаны ұйқамақ.

Туралықтан болдық енді жасқанар,
Арылмастай ластаныпты

аппақ ар.

Домаланып өтірік жүр жорғалап,
Доңыздай боп семіріпті-ау

бәтшағар.

ДҮНИЕҚОРЛЫҚ ЕРТТЕП МІНЕ АЛМАДЫ

Айнымайтын сырлас досым
өлеңім,
Білімім мен білігім ғой сенерім.
Танылуға тырыспадым жасымнан,
Жағынуға жоқ ебім.

Күпсінгенде көкірегің жел кеулеп,
Кеуде қақса базбіреулер

мен-мен деп.

Көз көрімде тұрса дағы биігім,
Ұмтылмадым өңмеңдеп.

Одырайып олай қарап өтсе кім,
Бұдырайып былай қарап жетсе кім,
Тымырайып төмен қарап кетсе

кім,

Ешкімді де сөкпедім.

Таң қалмадым анау жүрсе абынып,
Таңданбадым мынау жүрсе

қабынып,

Алданбадым қызыл-жасыл
қызыққа,
Дүние қуып жанығып.

Адамдардың таза шықтай
таңдағы,
Көңілінің жағасын кір шалмады.
Дүниеқорлық жүректерін

қарайтып,

Ерттеп міне алмады.

Сыртқа шығып жүретұғын
нұры ішкі,
Достарым бар несібелі, ырысты.
Кез келгенге бітпейтұғын

бұл сипат,

Көпке болғай жұғысты.



Бейзаттық мұраға, яғни әр ұлттың өзіндік ерекшеліктерін, құндылықтарын айқындайтын материалдық емес (рухани) мәдени мұраға көңіл аудару ұлттың рухани дүниесін, өзіндік ерекшелігін сақтап қалудың ең басты тетігі.

Халықтың тарихи жадын, дүниетанымын және өмір салтын көрсететін мәдени мұраны сақтау, насихаттау, келер ұрпаққа қаз қалпында табыстау айрықша маңызды.

Жалпы материалдық емес мәдени мұра – көзге көрінетін заттарда емес, халықтың рухани өмірінде, дәстүрінде, білімінде сақталатын құндылықтар. ЮНЕСКО анықтамасына сәйкес оған мыналар жатады: Ауызша дәстүрлер мен көріністер – жыр, ертегі, аңыз, мақал-мәтел, шешендік сөздер. Орындаушылық өнері – ән, күй, би, айтыс, театрлық дәстүрлер.



Әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер мен мерекелер – той-думан, ұлттық мерекелер, жыл мезгіліне байланысты рәсімдер (Наурыз мейрамы т.б.). Табиғат пен ғалам жөніндегі дәстүрлі білімдер – халық емшілігі, күнтізбе білімі, шаруашылыққа қатысты тәжірибелер. Дәстүрлі қолөнер шеберлігі – зергерлік

МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫМЫЗ ПАШ ЕТІЛДІ



өнер, ағаш өңдеу, киіз басу, кілем тоқу, ою-өрнек жасау. Яғни, материалдық емес мәдени мұра – ұрпақтан ұрпаққа ауызша, іс-әрекет арқылы берілетін, бірақ заттық тұрғыда ұстап көруге келмейтін рухани құндылықтар.

Жуырда Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен материалдық емес мәдени мұралардың элементтерін

анықтау бойынша Сарқан ауданына ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілген қазақтың әдет - ғұрып, салт - жоралар, табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет ғұрыптар, дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар, өнер мен аңыз әңгімелер көне аспаптарды жаңғыртатын шеберлер мен эпикалық жырларды және ұлттық құндылықтарды анықтау мақсатында ЮНЕСКО - ның өкілі Иманбек Бағдатұлы, Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі, Қазақстан Жазушылар одағының Жетісу облысы бойынша ресми өкілі, ақын Жангелді Немеребай арнайы іс - сапармен келіп қайтты.

Арнайы келген мейман Қойлық ауылындағы ежелгі Қойлық қалашығының орнын көзбен көріп қайтты. Сондай-ақ ауылдағы мұражай меймандардың қызығушылығын туғызды. Ауылдық мәдениет үйінде көлөнершілерінің қолынан шыққан түрлі бұйымдар көрмеге қойылып, ұлттық салт-дәстүрлеріміз, әдет-ғұрыптарымыз паш етілді. Ұлттық ерекше болмысын айқындап, басқа халықтардан даралап тұратын музыкалық мұрамыз - домбыра күмбірлеп, терме-жыр төгілді.

Аталмыш іс сапар 22 қыркүйектен басталып, облысымыздың барлық аудандарын қамтыды. Ал 29 қыркүйек күні Талдықорған қаласында арнайы семинар ұйымдастырылып, қорытындысы шығарылды.

Өз тілшіміз.

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ



Жақында «Сарқан ауданының мансап орталығы» филиалы Еңбек күнін өткізу жөніндегі желілік кестесі аясында жұмыссыз азаматтар, оның ішінде жастар еңбек нарығына қажетті кәсіптерге арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі жоспарына сәйкес, аудандық прокуратура, аудандық пробацация бөлімшесі және аудандық жеке сот орындаушысының қатысуымен Сарқан қаласы орталық арбатта «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесін» өткізді. Тұрақты түрде өткізіліп келе жатқан жәрмеңке бастауында Сарқан ауданының мансап орталығының басшысы Ернар Нұрқасым жиналғандарға еңбек нарығындағы жаңашылдықтар турасында айтып, шара мақсатын жан-жақты түсіндіріп берді.

Іс-шараға 26 жұмыс беруші қатысып, олар әртүрлі қызмет салалары бойынша 62-ден астам бос орындарды жариялады. Жәрмеңкеге барлығы 90-нан астам жұмыссыз азамат қатысып, оларға Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында жұмыспен қамту шаралары түсіндіріліп, қоғамдық жұмысқа 4 адам, жастар практикасына 5 адам, күміс жас жобасына 2 адам ниет білдіріп субсидияланатын жұмыс орындарына жолдама берілді.

Іс-шара нәтижесінде тұрақты жұмыс орындарына 31 азамат, атап айтқанда Н.Островский атындағы гуманитарлық экономикалық мектеп лицейі 3 адам, Ақын Сара атындағы ОМ 5 адам, «Балдырған балабақшасы» 1 адам, Абай атындағы мектеп гимназиясы 2 адам, Черкасск ОМ 1 адам, Екіаша ОМ 2 адам, Аманбөктер НОМ 1 адам, М.Тынышбаев атындағы ОМ 1 адам, Сарқан «Су құбыры» 4 адам, Сарқан аудандық орталық ауруханасы 6 адам, аудандық Мәдениет үйі 1 адам, «Жоңғар Алатауы» МҰТП 3 адам және «Саду» спорт мектебіне 1 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды.

Өз тілшіміз.

Әрбір халықтың мәңгілік өмір сүруінің кепілі – оның тілі. Тіл – ұлттың рухани тамыры, болмысының мәйегі, елдіктің нышаны. Ана тілінен айырылған халық тарих сахнасында ұзақ тұрақтай алмай-тыны белгілі. Сондықтан да бүгінгі күнде: «Ана тілін ұмыту – ұлт болашағына төнген қауіп» деген ойдың өзектілігі ерекше артып отыр. Қазақ халқының бай мұрасы, ғасырлар бойы жинақталған тәлімі мен тәрбиесі, дүниетанымы ең алдымен тілі арқылы жетті. Мақал-мәтел, шешендік сөз, терме-жыр, батырлар жыры – барлығы да ұлттың айнасы, тілімен бірге өмір сүретін асыл қазына. Демек, ана тілі – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың жүрегі, өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір.

Ана тілін ұмыту – ұлт болашағына төнген қауіп

Алайда жаһандану дәуірінде тіл тағдыры үлкен сынға түсуде. Әсіресе жастардың арасында өзге тілге еліктеу, әлеуметтік желіде қазақша аралас-құралас сөйлеу, шұбар тілдің белең алуы – алаңдататын құбылыс. Кейбір жасөспірімдер өз ойын толық қазақ тілінде жеткізуде қиналады. Бұл құбылыстың тамыры тереңге кетсе, болашақта ана тіліміз күнделікті қолданыстан шеттеп, тек тұрмыстық деңгейде ғана сақталып қалу қаупі бар.

Тіл тағдыры – мемлекет тағдыры. Бүгінде қазақ тілін қолдау мақсатында көптеген бағдарламалар қабылданып, заңдық негіздер жасалды. Дегенмен, қағаздағы шешімнің шынайы өмірге енуі ең алдымен қоғам мүшелерінің ниеті мен әрекетіне байланысты. Ана тілін сақтау үшін әрбір отбасы өз шаңырағында қазақ тілін басты орынға қою керек. Баланы балабақшадан бастап қазақ тілінде тәрбиелеу, үйде қазақша сөйлеу – ең қарапайым әрі ең маңызды қадам. Мектеп пен жоғары оқу орындарында да тіл үйрету тек грамматикалық жаттығулармен шектелмеуі тиіс. Оқушыға тілді сүюдің жолы – әдебиет арқылы, тарих пен мәдениет арқылы беріледі. Мысалы, Абайдың қара сөздері мен Мұхтар Әуезовтің шығармалары жас ұрпақтың ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, ана тілінің құдіретін танытады.

Тілдің болашағы – жастардың қолында. Сондықтан жастардың тілге деген құрметін арттыру үшін заманауи әдістер қажет. Мәселен, әлеуметтік желілерде сапалы қазақша контент жасау, телебағдарламалар мен кино өнімдерін көбейту, музыкалық индустрияда қазақ тіліндегі туындыларды қолдау – тілдің өміршеңдігін арттырады. Қазақ тарихына көз жүгіртсек, талай нәубет замандарда тіл мен діннен айырылу қаупі төнді. Бірақ ата-бабамыздың қайсарлығы мен рухани беріктігі бізді бүгінге жеткізді. Тәуелсіз елдің ұрпағы ретінде бізге жүктелер міндет те ауыр. Ана тілін қадірлеу – ұлттық намыс пен елге деген сүйіспеншіліктің көрсеткіші.

Қорытындылай келгенде, ана тілін ұмыту – халықтың болашағына балта шабумен тең. Ана тілін жоғалтқан халықтың болашағы бұлдыр, ал тілін ардақтап, ұрпаққа жеткізген елдің іргесі берік, келешегі кемел болмақ. Сондықтан баршамыздың міндетіміз – қазақ тілін қастерлеу, оны күнделікті өміріміздің басты тіліне айналдыру. Ана тілін сақтаған халық – мәңгілік халық.

А. АУЕЛБЕКОВА,

Жетісу облысы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы Сарқан аудандық филиалының мемлекеттік тіл курсының оқытушысы.



АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сұраныс деңгейіне жүргізілген талдаудың нәтижесінде өзіне-өзі қызмет көрсету секторлары арқылы көрсетілетін 15 неғұрлым сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер анықталды. Бүгінгі күні азаматтардың елеулі бөлігі eGov.kz порталы арқылы электронды форматта қолжетімді анықтамаларды алу үшін Халыққа қызмет көрсету орталықтарының (өзіне-өзі қызмет көрсету секторы) бөлімдеріне жүгінуді жалғастыруда. Осыған байланысты сіздерге eGov.kz веб-порталы арқылы Халыққа қызмет көрсету орталығына бармай-ақ бірқатар анықтамаларды электронды түрде алуға болады, атап айтсақ:

- Соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама
- Наркологтың динамикалық бақылауында болмауы туралы анықтама
- Мұрағаттық анықтамалар, мұрағат құжаттарының көшірмелері немесе үзінділері
- Психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер (психиатрия)
- Құқықтық статистика және арнайы есепке алу порталының анықтамалары
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтама
- Жылжымайтын мүліктің бар/жоқтығы туралы анықтама
- Фтизиопульмонология орталығынан мәліметтер (фтизиатрия)
- Банк несиелері мен микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тарту
- Несие тарихы (Бірінші несие бюросы)
- Медициналық мекемеге тіркелу
- Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтер
- БЖЗҚ-дағы қаражат қозғалысы туралы ақпарат
- Жұмыссыз ретінде тіркелу
- Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер

Сондай-ақ, аталған анықтамаларды азаматтар аудандық/қалалық әкімдіктердің, ауылдық/қалалық округтер әкімдіктерінің, аудандық бөлімдердің (қызмет көрсетуші ұйымдар), мектептердің, кітапханалардың, ауруханалардың, балабақшалардың ғимараттарында орналасқан «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарынан» ала алады.

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ РАЙОНА!

Вы можете получить следующие виды необходимых справок через веб портал eGov.kz без обращения в Центры обслуживания населения (ЦОН):

- Справка о несудимости
- Справка об отсутствии динамического наблюдения у нарколога
- Архивные справки, копии архивных документов или архивные выписки
- Сведения из центра психического здоровья («психиатрия»)
- Справки с портала правовой статистики и спец.учетов
- Справка о зарегистрированных правах на недвижимое имущество
- Справка об отсутствии (наличии) недвижимого имущества
- Сведения из центра фтизиопульмонологии («фтизиатрия»)
- Добровольный отказ от получения банковских займов, микрокредитов
- Кредитная история (Первое кредитное бюро)
- Прикрепление к поликлинике
- Сведения о совершении административного правонарушения
- Информация о движении средств в ЕНПФ
- Регистрация в качестве безработного
- Сведения о совершении лицом коррупционного преступления.

Также, указанные справки могут быть получены гражданами в «Уголках самообслуживания», которые расположены в зданиях акиматов районов/городов, акиматов сельских/городских округов, районных отделов (услугодатели), школ, библиотек, больниц, детских садов.

•101 ескертеді

Аң аулау мен балық аулау кезіндегі қауіпсіздік ережелері

Күзгі аң аулау мен балық аулау маусымы ашылуына орай су айдындарында адамдардың қаза болуын болдырмау мақсатында Сарқан ауданы ТЖБ қауіпсіздік ережелерін сақтауларыңызды сұрайды.

Шағын көлемді кемелер мен қайықтармен балық аулау және аң аулау кезінде сақталуы тиіс қарапайым қауіпсіздік ережелері: 1.Ауа райының жағдайын алдын ала қарап қадағалаған жөн. 2.Өрқашан балық, аң аулауға баратын жеріңізді және қайтатын уақытыңызды жақын туыстарыңызға айтып кету. 3.Өзімен бірге міндетті түрде медициналық қобдиша, қолшам, жергілікті жердің картасы, өзінің орналасқан орыны туралы хабарлағыш құралдарының болуы тиіс. 4.Балық аулар алдында немесе аңшылықты бастамас бұрын таңдап алынған жерді мұқият қарау керек; 5.Балық аулау кезінде таныс емес өзендерде, көлдерде қармақ үзіліп кеткен жағдайда, оны су түбінен сүңгіп алып шығу қауіпті. 6.Мас күйінде балық немесе аң аулауға қатаң тиым салынады. 7.Қайықтың жарамдығын тексеру, оны құтқару жилеті, құтқару шеңбері мен белдіктермен жабдықтау. 8.Қайықта шелектің немесе ондағы суды сыртқа шығару үшін ыңғайлы басқа да ыдыстардың болуы. 9.Балық немесе аң аулауға керекті құрал-жабдықтарды қайық бортының бойына, ал қалған бұйымдарды (киім, қолсөмке, чемодан) қайықтың отырғышының астына, тұмсығына немесе артқы бөлігіне жинақы орналастырыңыз.

Өз қауіпсіздігіңіз өз қолыңызда. Төтенше жағдайларда 101 немесе 112 нөміріне хабарласыңыз.

Т. ТӨЛЕГЕН,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Өрт - электр жүйелерінің ақауынан болады

Тұрғын үй пәтерлері мен бөлмелерінде әдетте өрт жиі шығады.Тұрғын үйлердегі пештер мен түтін шығатын мұржалардың дұрыс тазаланып, жөнделмеуінен, тұрмыстық электр жылытқыштары мен өртүрлі электр приборларының дұрыс қолданылмауынан, сондай-ақ электр қауіпсіздігінің қатаң сақталмауынан, балалардың сіріңке шағуынан, тағы басқа осындай себептердің салдарынан өрттің шығуына жол берілетіндігі анық. Сондықтан да өрт қауіпсіздігін бұлжытпай сақтап, қауіпті өрттің алдын алу әрбір азаматтың қастерлі борышы саналады.

Жанып тұрған лампалардың айналасында жақын қағаз бұйымдары мен материалдарын болмауын қадағалап отырған жөн. Өрт шығуына көп жағдайларда үй иелері кінәлі болуда. Өрт қауіпті жау. Сондықтан да одан сақ болғандарыңыз абзал.

М. САРКУЛОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Хабарландыру

«Сарқанирригация» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына суды каналдар арқылы беру қызметіне бір жылға, яғни 2025 жылдың 1 қарашадан 2026 жылғы 31 қазанға дейін, ҚҚС-сыз 0,451 теңге / м3 мөлшерде тариф бекітілді.

Объявление

Утвердить государственному коммунальному предприятию «Сарқанирригация» временный компенсирующий тариф на услуги по подаче каналам на один год, то есть с 1 ноября 2025 года по 31 октября 2026 года, в размере 0,451 тенге / м3 без НДС.

Сапалы мемлекеттік қызмет көрсету заман талабы

"Электрондық үкімет" азаматтар мен бизнес үшін мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасаудың негізгі құралы болып табылады, ол мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның халықаралық рейтингтеріне де әсер етті. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет көрсету саласы азаматтар қызметінің барлық спектрін қозғайды, осылайша, мемлекеттік қызметтерді алудың жоғары сапасы мен қарапайымдылығын қамтамасыз ету барлық мемлекеттік органдардың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Осы орайда, "Электрондық үкімет" порталы арқылы пайдаланушылардың үлесін арттыру үшін «Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы құрылды. Қазіргі таңда округ тұрғындарына электрондық қызметтерді өз бетінше алуға кеңестер жүргізіледі. 2024 жылы " Электрондық бұрыштар " арқылы 175 қызмет көрсетілді. Округте өзіне өзі қызмет көрсету бұрыштарының жалпы саны 4, барлығы қызмет атқарады. Нақтылап айтсақ: Көкзек ОМ ғимаратында 1, Жетісу ОМ ғимаратында 1, Қарауылтөбе ОМ ғимаратында 1 және әкімшілік ғимаратында 1 өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары орналасқан, қызмет көрсету бұрыштары керекті құрылғылар, интернет, принтер, картридермен жабдықталған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін округ тұрғындарына түсіндіру жұмыстары сапалы әрі түсінікті жүргізіледі.

2024 жылы «Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де 50-кіріс, 200-шығыс қағаздары тіркелді, 29-өкім, 17 нотариаттық жұмыс бойынша құжат рәсімделді. Электрондық бұрыштар" дегеніміз не? Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышын қалай пайдаланады? – атты тақырыптарда 6 түсіндіру іс-шаралары, 1 жәрмеңке, 3 «Егов жаршысы» атты акция, 2 дөңгелек үстел өткізілді. Аталған шаралар барысында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша 90 адам қамтылып, керекті мағлұматтар алды. 2024 жылдың қаңтар айынан бастап осы уақытқа дейін көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушылардан шағымдар түскен жоқ.

2024 жылдың қаңтар айынан бастап осы кезге дейін округ аппаратына Е-өтініш базасы арқылы 6 өтініш, Е-лицензирование базасы бойынша 3 өтініш келіп түсті. Өтініштер уақытылы қаралып, өтініш білдірген әрбір азаматтар мен азаматшаларға тиісті жауаптары берілді.

С.МУРАТХАН,

Амангелді ауылдық округінің бас маманы.

КАЛИФОРНИЯЛЫҚ ҚАЛҚАНШАЛЫ СЫМЫРЫ

Еліміздің барлық аймағында кездеседі. Бұл зиянкес алма, алмұрт, абрикос, грек жаңғағы, айва, акация, сыр талы, қара тал сияқты 270 түрлі өсімдікті зақымдайды. Жердің үстіңгі бөлігіндегі жеміс ағаштарының бұтақтары мен жемісіне зиян келтіреді. Калифорниялы қалқаншалы сымыры зиян келтірген өсімдіктер 43/100 пайызға дейін өнім беруін жоғалтады. Зиянкес ұрғашысының ұзындығы 1,3 мм, лимондай сары түсті, денесі дөңгелек болады, аяғы, қанаты мен көзі редукцияланған, бір жерде қозғалмай тіршілік етеді. Шаншып-сорғыш ауыз аппараты жақсы жетілген, қалқаншасының орта бөлімі дөңестеу, түсі бозғылт қоңыр, диаметрі 2 мм. Еркектері бірнеше сағат қана өмір сүреді, түсі қызғылт-сары, кеудесінде көлденең орналасқан қара жолақ бар, ауыз аппараты редукцияланған, бір жұп қанаты, 3 жұп аяғы, ұзын мұртшалары болады, денесінің ұзындығы 0,8-0,9 мм, қалқаншасының ұзындығы 1 мм-ге дейін жетеді. Дөрнәсілдің денесі сопақша, түсі сарғылт, жақсы жетілген ұзын тұмсығы бар.

Калифорниялық қалқаншалы сымыр 1 жастағы дөрнәсіл қалпында қалқанша астында қыстайды. Кейбір жағдайларда 2 жастағы зиянкес пен ересектері де қыстап шығады.Көктемде жеміс ағаштарында «шырын жүру» кезеңі басталысымен олар қысқы ұйқыдан оянады да 10-12 күн ішінде 2 рет түлеп, ересек жәндіктерге айналады. Ұрғашы сымырлар 50-60 күн өмір сүреді. Осы мерзім ішінде олардың әрқайсысы 60-80 дөрнәсіл табады. Кейіннен олар ағаштың діңімен бұтақтарының қабығына сүлікше жабысады да бірте-бірте қозғалу қабілетін жоғалтады және арқа жағында қалқанша пайда болады. Зиянкес қоректенетін жеміс ағашының діңі мен бұтақтарының ескіре бастаған қабығында ұзын салалы және көлденең сызықтар, ал жапырақтары мен жемістерінде және жас қабығында осы түрге ғана тән қызғылт дақтар пайда болады. Ондай ағаштардың беретін өнімі азайып, жемістерінің сапасы төмендейді. Ол әсіресе питомниктер мен жас бақтарға қатты зиян келтіреді.

Қазақстан Республикасы "Өсімдіктер карантині" Заңына сәйкес зиянкестердің аса қауіпті түрлеріне қарсы қорғау шараларын жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі және (немесе) жер пайдалануындағы жер учаскелерінде карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қаражаты есебінен жүргізіледі.

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық Министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция Комитетінің
Сарқан аудандық аумақтық инспекциясы.**

ҰСТАЗ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ ТІРЕГІ



5 қараша - барша адамзат баласы үшін қадірлі де қастерлі мереке – Ұстаздар күні. Бұл күн – бізге тәлім-тәрбие беріп, білім нәрімен сусындатқан, өмірдің ақ жолын көрсеткен, асыл арманға жетелеген ұстаздарымыздың еңбегін дәріптейтін ерекше мереке.

Ұстаз – ұлттың рухани тірегі, жас ұрпақтың шамшырағы. Халқымыз «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деп бекер айтпаған. Сіздердің әрбір айтқан сөзіңіз, әрбір берген сабағыңыз біз үшін өмірлік азық, болашаққа бағыт-бағдар. Шәкірт үшін ұстаздың мейірімі – ана жылындай, кең пейілі – әке қамқорлығындай.

Құрметті Гүлмира Курманбековна! Біздің білім ордамызды көркейтіп, ұстаздар еңбегіне демеу болып,

шәкірттердің талабын ұштап келе жатқан Сізге айрықша алғысымызды білдіреміз. Сіздің басшылығыңызбен мектебіміз жетістіктерге жетіп, шәкірттер биік белестерді бағындыруда.

Ардақты ұстаздар қауымы! Сіздер тек білім беріп қана қоймай, бізді отансүйгіштікке, адамгершілікке, ізгілік пен еңбекқорлыққа тәрбиелеп келесіздер. Әрқайсыңыздың бойларыңыздағы төзім, сабыр, жауапкершілік пен мейірім бізге үлгі-өнеге. Мектебіміздің абыройын асқақтатып, талай шәкіртті қанаттандырған еңбектеріңіз – еліміздің болашағына қосқан баға жетпес қазына.

Біз, Н. Островский атындағы мектеп-лицейінің 8 «А» сынып оқушылары, өзімізге бағыт-бағдар беріп отырған барша ұстаздарымызға шексіз ризашылығымызды білдіреміз. Сіздердің еңбектеріңіз әрқашан жемісті болып, өмірлеріңіз қуаныш пен шаттыққа толсын! Алдағы уақытта да шәкірттеріңіз биіктерден көрініп, Сіздердің абыройларыңызды асқақтата берсін. Әрқашан мерейлеріңіз үстем болып, дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман болсын!

Ізгі тілекпен: Н. Островский атындағы мектеп-лицейінің
8 «А» сынып оқушылары.



ҰСТАЗҒА ДЕГЕН МӘНГІЛІК ТАҒЗЫМ

Әр адамның өмір жолында ең алғашқы жарық шырақ жаққан, болашаққа апарар даңғыл жолды көрсеткен жан – ол ұстаз. Ұстаз – білімнің қайнар көзі, ізгіліктің бейнесі. Ұстаздар күні шәкірт қана емес, ата-ана жүрегінде де мәңгілік орын алатын ұстаздарымызды құрметпен еске алатын ерекше күн.

Н. Островский атындағы мектеп-лицейі 6 «А» сыныбының ата-аналары атынан біз, ең алдымен, мектебіміздің білікті басшысы, абыройлы тұлға – мектеп-лицейінің директоры Гүлмира Курманбековнаға жүрек жарды құттықтауымызды жолдаймыз. Сіздің дана басшылығыңыздың арқасында мектебіміз үлкен жетістіктерге жетіп келеді. Соның айқын дәлелі – 2025 жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің шешімімен мектебімізге берілген «Үздік мектеп – 2025» атағы. Бұдан бөлек, мектеп-лицейіміз жыл сайын аудандық деңгейде білім беру сапасы бойынша жоғары нәтижелер көрсетіп, бірнеше жыл қатарынан бірінші орынға ие болып келеді. Бұл жетістіктер – Сіздің білікті басшылығыңыздың, ұстаздарымыздың ерен еңбегінің және ата-аналар мен оқушылардың бірлігінің жемісі. Біз үшін бұл – зор мақтаныш!

Сонымен қатар, мектеп-лицейіміздің барша ұстаздарын мерекемен шын жүректен құттықтаймыз! Құрметті ұстаздар, Сіздер балаларымызға тек пән үйретуші ғана емес, өмір мектебінің тәрбиешісі, ақылшы, дос, қамқоршы болып келесіздер. Әрбір берген біліміңіз – баламыздың болашағына салынған мықты іргетас, әрбір жылы сөзіңіз – жүрегіне нұр сыйлайды. Ұрпақ тәрбиесіндегі өлшеусіз еңбектеріңіз үшін Сіздерге алғысымыз шексіз.

Ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. Баланың жетістігі – ұстаздың мерейі. Бүгінгі мереке қарсаңында баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбектеріңізге жеміс тілейміз. Еңбектеріңіз жанып, шәкірттеріңіздің жеңісімен қуанып, биіктен көріне беріңіздер!

Н.Островский атындағы мектеп-лицейінің
6 «А» сыныбының ата-аналары.

БАСПАСӨЗ - 2026

Құрметті оқырмандар!
Ауданның тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болғыңыз келсе, сан-саланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе



газетіне жазылыңыз!
Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

Зейнеткерлер үшін
индексі 35202,
жылдық бағасы - 3915,2 теңге.

Жеке жазылушылар үшін
индексі 65202, жылдық бағасы -
4915,2 теңге.

Мекеме-ұйымдар үшін индексі
15202, жылдық бағасы -
5915,2 теңге.

МӨЛДІР БҰЛАҚ – ТАБИҒАТ ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ БАСТАУЫ

Жуырда «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ұлттық парк аумағында «Мөлдір бұлақ» атты іс-шара өткізілді. Табиғатты қорғауға бағытталған бұл сенбілікке «Жоңғар Алатауы МҰТП»РММ Алакөл филиалының қызметкерлері, Ақжар мәдениет үйінің қызметкерлері мен Қабанбай батыр атындағы мұражай ұжымы бірлесе қатысып, белсенділік танытты.

Шара барысында бұлақтың көздері ашылып, айнала-сы қоқыстан тазартылды. Бұл шара су көздерінің тазалығын сақтап, табиғи экожүйені қорғауға зор үлесін қосты. Іс-шараның басты мақсаты – халықтың экологиялық мәдениетін көтеру, табиғатқа жанашырлықпен қарауға шақырады. «Таза Қазақстан» акциясы аясында жүргізілген экологиялық сенбілік – табиғат тазалығы мен сұлулығын сақтаудағы ортақ жауапкершіліктің жарқын көрінісі. Осындай бастамалар қоғамды біріктіріп қана қоймай, өскелең ұрпаққа туған жерді сүюді, оны қорғаудың маңызын түсіндіреді.

Б. ХУАНАР,
«Жоңғар Алатауы МҰТП»РММ Алакөл филиалының
Үйгентас орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

ҰЛТТЫҚ ПАРКТЕГІ ТУРИСТІК МАРШРУТ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Табиғат аясындағы демалыс – жанға да, тәнге де шипа. Әсіресе ұлттық парктер – сұлулығы мен сырлы табиғаты қатар өрілген ерекше мекен. Мұнда келген әрбір турист тек табиғаттың сұлулығын тамашалап қана қоймай, оны сақтауға да өз үлесін қосуы тиіс. Ұлттық парк аумағында жүріп-тұрудың өз ережелері бар. Ең бастысы – белгіленген соқпақпен жүру. Бұл есімдіктердің тапталуына жол бермейді. Келесі маңызды қағида – от жағуға болмайды. Арнайы белгіленген орын болмаса, от тұтатудың өзі үлкен қауіп төндіреді. Өрт шықса, бүкіл орман алқабы зардап шегуі мүмкін. Сонымен қатар, табиғат аясында қоқыс қалдыруға болмайды. Әр адам өзімен тазалық қалдыруы тиіс. «Қоқыс тастауға болмайды!» деген қағида әр туристің жадында болуы керек.

Ұлттық парктегі жан-жануарлар – ерекше қорғауда. Оларды үркітуге, қолға үйретуге немесе тамақ беруге рұқсат жоқ. Әрбір тіршілік иесі табиғи ортада еркін өмір сүруге құқылы. Сондай-ақ, қатты айғайлап сөйлеу, музыка қосып тыныштықты бұзу да табиғатқа жасалған құрметсіздік болып саналады. Ұлттық парк – халқымыздың қазынасы, ұрпаққа аманат етер асыл мұра. Сондықтан туристік ережелерді сақтау – табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершіліктің айқын көрінісі.

Г.ЖАМАНБАЛИН,
«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Алакөл филиалы
Үйгентас орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

Хабарландыру

► **Интыкбаев Марат Джамбулов** атына берілген «В,С» категориялы жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Байжуманов Ақылжан Ақылтаевич** атына 03.07.2023 жылы берілген «В,С,Д,Е» категориялы VC 997633 нөмірлі жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Султанов Нуржан Пернатович** атына 17.03.2025 жылы берілген «В,С,Е» категориялы VC 995556 нөмірлі жүргізуші куәлігі және Toyota Carina маркалы автокөліктің №АТ00434329 нөмірлі техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Тажиева Асель Аскарбековнаның** атына берілген жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **"Жетісу облысының ветеринариялық басқармасы" ММ "Ветеринариялық пункттері бар Сарқан ауданының ветеринариялық станциясы" ШЖҚ МКК-нің** атына тіркелген Прицеп Крепыш 821303 тіркемесінің 12EUA05 мем.нөмі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



Құрылтайшысы:
"Сарқан газеті" ЖШС директоры
ИГИМАН Жомарт Мақатұлы

Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН Партия

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3017
Осы шығарылымның таралымы: 3017
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.